

БӨЛІМ: ЭССЕ

Мұғалімнің кәсіби дамуы-білім беру жүйесін жаңартудың негізі

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/48635/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Джумадилова Ардақ Қаратайқызы

«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесі тең ететін – білім»

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Елбасымыз дамыған 30 елдің қатарынан көрінуіміз үшін «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында басым бағыттарды нақтылап берді. Қазақстанның болашағы-білімді жастардың қолында. Сондықтан да, білім саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына бүгінгі таңда үлкен талап қойылып отыр.

Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған деңгейлік курс бағдарламасы негізінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстары бүгінгі таңда Қазақстанның барлық аймақтарында жүйелі жұмыс жасап, жетістіктерге қол жеткізуде. Бұл курстардың мақсаты- болашақ педагогтардың қосымша білім мен дағдыларын көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу үрдісіне әлемдік озық тәжірибелерді енгізе отырып, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, олардың әлеуметтік жағдайын көтеру болып табылады. Жаңа бағдарламаның бізге берері мол. Курстан кейінгі мұғалімдермен сұхбаттасқанда, олардың бағдарлама жайлы ойлары, көзқарастары маған оң пікір берді. Бағдарламадағы әдіс-тәсілдер жүйелі, оқушының жас ерекшелігіне бағытталған, қызығушылығына оята алатын жаңа форматта енгізілген. Дәріс алу барысында – өзімнің ұжымдастарыма білім беру жүйесіне өзіндік үлес қосатын қоғамдастық құру, мұғалімдермен тығыз байланыс жасай отырып, оқу

үрдісін алға жылжыту, білім сапасын көтеруді көздедім. Оқытудың жаңа технологияларын: 7 модуль, іс — әрекетті зерттеу, көшбасшылық, топтық жұмыстарды іс-тәжірибеге енгізілім. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер 7 модуль бойынша түрлі топтарға жаңаша сабақтар өткізіп, студенттерге интербелсенді әдіс – тәсілдерді таныстырып, алдағы уақытта өндірістік тәжірибеде қолданудың тиімділігін атап көреттім.

Алдағы уақыттағы мақсатымыз басқа әріптестерімізбен тәжірибе алмаса отырып, бағдарламаның негізгі идеясымен таныстыру, нәтижеге қол жеткізу. Ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналған халқымыздың ұлы ағартушысы А. Байтұрсыновтың: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», — деген сөзіне назар аударуымыз қажет. Сондықтан бұл бағдарлама бала тәрбиесіне және оларды біліммен қаруландыруға жол ашады деп білемін

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Күнпейіс Ж. Технология пәнін оқытуда мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың негіздері. Монография. Түркістан-2011.

3 Қоянбаев Р. Педагогика. Алматы., 1997 ж.

4 Қазіргі заманғы мұғалім.// Қазақстан мектебі. 2003 ж. №6.

5 Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. //Білім әлемі. Алматы., 2004 ж. №6.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.